

2011 жылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен субсидиялау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы N 99 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 маусымда N 3064 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 маусымдағы N 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.06.05 N 114 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы N 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі айқындалсын.

2. 2-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған Батыс Қазақстан облысының басым ауыл шаруашылығы дақылдары субсидияларының нормативтері айқындалсын.

3. Тыңайтқыштар мен гербицидтердің субсидияланатын түрлері, сондай-ақ субсидиялардың нормативтері төмендегідей белгіленсін:

1) 3-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған;

2) 4-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған тыңайтқыштарының 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған;

3) 5-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің гербицид жеткізушілерден сатып алған гербицидтерінің 1 килограммына, литріне арналған.

4. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға ағымдағы қаржы жылында Батыс Қазақстан облысының бюджетінен субсидиялардың төленуін жүзеге асыру жөнінде қажетті шараларды

а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. С а л ы қ о в қ а жү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Измұхамбетов*

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
----- А. Мамытбеков

17.06.2011 ж.

2011 жылғы 27 маусымдағы N 99
облыс әкімдігінің қаулысына
1-қосымша

2011 жылға арналған

Батыс Қазақстан облысы бойынша

басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

Р/с N	Ауыл шаруашылығы басым дақылдарының атауы
1	Жаздық бидай
2	Күздік бидай
3	Күздік қара бидай
4	Тары
5	Арпа
6	Сұлы
7	Дәнді бұршақты дақылдар
8	Майлы дақылдар
9	Картоп
10	Көкөніс және бақша өнімдері
11	Жабық топырақтағы көкөніс
12	Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда)
13	Бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарында
14	Сүрлемдік күнбағыс және жүгері

2011 жылғы 27 маусымдағы N 99
облыс әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

2011 жылға арналған

Батыс Қазақстан облысының басым

ауыл шаруашылығы дақылдары субсидияларының нормативтері

Р/с N	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар нормасы, теңге
1	Дәнді және бұршақты дақылдар (күріш пен дәндік жүгеріден басқа) (базалық бюджеттік субсидиялар нормасы)	400
2	Дәнді және бұршақты дақылдар аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтай отырып өсірілген	800
3	Майлы дақылдар	3 560
4	Картоп	12 000
5	Көкөніс және бақша өнімдері (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)	12 000
6	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөніс-бақша дақылдары	24 000
7	Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген шөптерді қоспағанда)	800
8	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарында	800
9	Сүрлемдік күнбағыс және жүгері	800
10	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс (дақылдардың 1 айналымы)	1 300 000

2011 жылғы 27 маусымдағы N 99
облыс әкімдігінің қаулысына
3-қосымша

2011 жылға арналған отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері және субсидиялардың нормативтері

Р/с N	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың бағасын арзандату пайызы, дейін	Сатылған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың субсидия нормативі, теңге
1	Аммофос (N-10, P-46)	50	40 750
2	Жай суперфосфат (P-19)	50	21 250
3	Сульфоаммофос (N-18:P-18:S-16,8)	50	32 000
4	Аммиак селитрасы (N-34,4)	50	24 350

5	Тазартылған күкіртқышқылды калий (калий сульфаты)	50	72 500
---	---	----	--------

Аббревиатураның толық жазылуы:

N – азот ;

P – фосфор ;

S – күкірт.

2011 жылғы 27 маусымдағы N 99
облыс әкімдігінің қаулысына
4-қосымша

2011 жылға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған тыңайтқыштарының 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері және субсидиялардың нормативтері

P/c N	Субсидияланатын тыңайтқышардың түрлері	1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың бағасын арзандату пайызы, дейін	Сатып алынған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың субсидия нормативі, теңге
1	Супрефос (N -12:P-24) (Ca:Mg:S)	50	26 000
2	Нитроаммофоска (N-15:P-15:K-15)	50	36 000

Аббревиатураның толық жазылуы:

N – азот ;

P – фосфор ;

Ca – кальций ;

Mg – магний ;

S – күкірт ;

K – калий.

2011 жылғы 27 маусымдағы N 99
облыс әкімдігінің қаулысына
5-қосымша

2011 жылға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің гербицид жеткізушілерден сатып алған гербицидтерінің

1 килограммына, литріне арналған гербицидтердің субсидияланатын түрлері және субсидиялардың нормативтері

P/c N	Субсидияланатын тыңайтқышардың түрлері	1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың бағасын арзандату пайызы, дейін	Сатып алынған 1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың субсидия нормативі, теңге
Қос жарнақты бір жылдық және көп жылдық арамшөптерге қарсы гербицидтер			
1	Дезормон эфир, 72% э.к.	50	478
2	Фенизан, с.е.	50	1 600
3	Зингер, с.ұ.	50	14 000
4	Диамин, 72% с.е.	50	325
5	Диален супер, 480, с.е.	50	730
Қарасұлыға қарсы гербицидтер			
6	Барс супер, 10% э.к.	50	1 500
7	Овсяген экстра, э.к.	50	1 850
8	Авещид супер, 12% э.к.	50	1 350
9	Топик 080, э.к.	50	2 645
Жаппай әсер ететін гербицидтер			
10	Клиник, 36% с.е.	50	455
11	Спрут, 36%, с.е.	50	450
12	Тайфун, 36%, с.е.	50	425
13	Буран, 36% с.е.	50	435
14	Ураган форте 500 с.е.	50	670
15	Вихрь, с.е.	50	345

Аббревиатураның толық жазылуы:
 э.к. – эмульсия концентраты;
 с.е. – сулы ерітінді;

с.ұ. – суланатын ұнтақ.